12.07.2024-ғы № 01-03-21/Д-2107//ДС-264 шығыс хаты

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӨНЕРКӘСІП ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС
МИНИСТРЛІГІ

МИНИСТЕРСТВО
ПРОМЫШЛЕННОСТИ И
СТРОИТЕЛЬСТВА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қ, Қабанбай Батыр даңғылы, 32/1
тел.: 8(7172) 98 31 63
e-mail: mps@mps.gov.kz

010000, г. Астана, пр. Кабанбай Батыра 32/1
тел.: 8(7172) 98 31 63
e-mail: mps@mps.gov.kz

_____№_____

2024 жылғы 20 маусымдағы
№ ДС-264 депутаттық сауалға

«AMANAT» фракциясының мүшесі, депутат Ж. Әшімжановке

«Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы фракциясының мүшесі, депутат А. Баққожаевқа

Қазақстан Халық партиясы фракцясының мүшесі, депутат Г. Танашеваға

Құрметті депуттар!

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Алматы облысына жалға берілетін тұрғын үй сатып алуға қаражатты ұлғайтуға қатысты мынаны хабарлайды.

2024 жылы облигация шығару есебінен республика бойынша барлығы 17,3 мың пәтер сатып алуға 272 млрд.теңге көзделген.

Жалға берілетін тұрғын үй сатып алуға қаражатты бөлу кезінде тұрғын үй алуға жергілікті атқарушы органдарда кезекте тұрған азаматтардың саны негізгі критерийінен басқа, мысалы, нарықтағы бағалар және пәтерлердің болуы, бөлінген қаражатты игеру бойынша өңірлердің өткен жылғы нәтижелері де ескеріледі.

Мәселен, 2023 жылы республика бойынша 104,8 млрд.теңге (10 657 пәтер) сомасына тұрғын үй сатып алуға бөлінген қаражаттың ішінде Алматы облысы небәрі 2,7 млрд. теңгеге (281 пәтер немесе 2,5%) ұсынды.

Бұл ретте, салыстырмалы түрде аз сомаға қарамастан, жыл ішінде әкімдік тарапынан Алматы облысындағы тұрғын үйдің қымбаттығына байланысты игерілмеу тәуекелдері және қоса қаржыландыру үшін жергілікті бюджетте қаражаттың болмауы туралы бірнеше рет хат жолданды.

Осыған байланысты Алматы облысы әкімдігіне 2024 жылы 700 пәтер сатып алуға 11,5 млрд. теңге қолдау тапты.

Сонымен қатар, Министрлік Алматы облысы әкімдігінің қатысуымен өткен екі Кеңестің қорытындысы бойынша, сондай-ақ нарықта пәтерлердің болуын ескере отырып, Үкіметтің экономикалық өсуді қамтамасыз ету жөніндегі іс – қимыл

15.07.2024 Копия электронного документа.

жоспары (бұдан әрі-жоспар) шеңберінде бөлінген қаражатты 11,5 млрд. теңгеден 16,2 млрд. теңгеге дейін ұлғайту жағына қарай бөлуді қайта қарау туралы шешім қабылдады (700-ден 989 пәтерге дейін).

Сонымен қатар, республикалық бюджет есебінен Алматы облысының әкімдігі үшін 315 жалға берілетін пәтер сатып алуға 4,5 млрд. теңге қарастырылған.

Осылайша, облыс бойынша барлығы 20,7 млрд. теңгеге 1 304 пәтер сатып алу жоспарлануда.

Осыған байланысты, Алматы облысының әкімдігі жергілікті бюджеттен сатып алу және бірлесіп қаржыландыру жоспарының орындалуын қамтамасыз етуі қажет.

Бүгінгі таңда тұрғын үй сатып алуға арналған жоспарда көзделген қаражат өңірлер арасында толығымен бөлінді, қазірі таңда қаражатты игеруге жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Бюджеттен осы мақсаттарға қосымша қаражат бөлінген жағдайда Министрлік Алматы облысына қаражатты қарастыруға дайын.

Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіп және құрылыс
министрінің міндетін атқарушы **А. Бейісбеков**

Орынд.: І. Тукенова
тел.: 576-170
эл.мекенж.: i.tukenova@mps.gov.kz

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӨНЕРКӘСІП ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС МИНИСТРЛІГІ

МИНИСТЕРСТВО ПРОМЫШЛЕННОСТИ И СТРОИТЕЛЬСТВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

БҰЙРЫҚ

2024 ж. 12 шілде

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 197-і /К

город Астана

Іссапар және Министрдің міндеттерін атқаруды жүктеу туралы

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 57-бабына сәйкес, Батыс Қазақстан облысындағы су тасқынына қатысты Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің тапсырмасы бойынша, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2024 жылғы 12 шілдеден бастап 14 шілдені қоса алғанда, 3 күндік мерзімге (жолды есепке алғанда) Батыс Қазақстан облысына қызметтік іссапарға жүремін.

2. Қаржы және корпоративтік басқару департаменті белгіленген тәртіппен «Астана – Орал – Астана» бағыты бойынша әуе көлігімен жол жүру, Орал қаласында 2 күн тәулікақы, 1 тәулік тұрғын үй-жайды жалдау шығыстарын төлесін.

3. Іссапар кезеңінде Министрдің міндеттерін атқару Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс вице-министрі Азамат Өмірзақұлы Бейісбековке жүктелсін.

Министр **К. Шарлапаев**

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӨНЕРКӘСІП ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС МИНИСТРЛІГІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
КАДР ҚЫЗМЕТІ ДЕПАРТАМЕНТІ
КӨШІРМЕ ДҰРЫС

000209